

Өсімдік шаруашылығы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 725 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

4) «Тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ;

6) «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 28 маусымдағы
№ 725 қаулысымен
бекітілген

«Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – тиісті жылғы 1 (бірінші) желтоқсанға дейін;
- 2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ

уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушылардың банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұ с ы н у .

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен к ө р с е т і л е д і .

9. Көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті беруші белгілеген өтінім қабылдаудың басталу және аяқталу күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімді және нөмірін көрсете отырып, банктік шоттың бар болуы туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасын бір данада ұсынады.

Дәнді дақылдарды (күріштен, дәндік жүгеріден басқа) өндірумен айналысатын көрсетілетін қызметті алушылар субсидияларды алушылардың тізіміне қосу үшін қосымша:

1) субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімде: аттестатталған тұқым өндірушілер немесе өткізушілер берген, егіске пайдаланылған тұқымдардың сорттық және егістік сапаларын растайтын (тұқымға аттестат не тұқымға куәлік (тұқым сатып алынған жағдайда), ал егіс үшін өз өндірісінің тұқымдарын пайдаланған жағдайда – тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі аттестатталған зертханалар берген тұқымның кондициялылығы туралы куәлік және сорттық егістерді байқаудан өткізу актісі) құжаттардың бар болуы туралы мәліметтерді көрсетеді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген Мемлекеттік селекциялық жетістіктер тізіліміне енгізілген және (немесе) перспективалы деп танылған сорттардың үшінші репродукциясынан төмен емес тұқымдар себілген алаңдар ғана субсидиялауға жатады;

2) мыналарды:

өткен жылғы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (схемасының) (көрсетілетін қызметті алушы куәландырған және көрсетілетін қызметті берушімен келісілген) көшірмесін; ағымдағы жылғы ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (

схемасының) (көрсетілетін қызметті алушы куәландырған) көшірмесін ұсынады.

Бұл ретте, 2015 жылдан бастап және одан кейінгі жылдары осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген ауыспалы егісте танаптардың орналасу картасының (схемасының) орнына көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 қарашадағы № 1297 қаулысымен бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларының талаптарына сәйкес танаптар мен ауыспалы егістер тарихы кітабының көшірмесін ұсынады.

Өндірілген қант қызылшасының 1 тоннасына субсидиялар алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар субсидияларды алушылардың тізіміне қосу өтінімінде қант зауытымен жасалған қант қызылшасын сатып алу-сату және (немесе) алыс-беріс қант қызылшасын қайта өңдеу қызметтерін көрсету туралы шарттардың бар болуына қатысты мәліметтерді қосымша көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті алушы лизинг шарты негізінде ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын сатып алу кезінде субсидияларды алушылардың тізіміне енгізу үшін субсидияларды алушылардың тізіміне енгізуге арналған өтінімінде лизинг шартының бар болуына қатысты мәліметтерді қосымша көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінімдер мен құжаттар топтамасын қабылдағаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға қабылданған күні және уақыты, өтінімді қабылдаған лауазымды адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тапсырған кезде шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға күні және уақыты, шағымды қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беру шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланыс арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық

құндылықтардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

ауданының

(облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) ведомствоаралық комиссиясына

Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына субсидиялар алуға өтінім

_____ (құрылтай құжаты)

_____ негізінде әрекет ететін

_____ (көрсетілетін қызметті алушы)

бірінші басшының атынан _____

(Т.А.Ә., лауазымы)

осы арқылы мынадай алаңда ауыл шаруашылығы дақылдарының мынадай түрлерін өсіру үшін жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидия бөлуді сұрайды:

_____ га	_____ га
(алаңы)	(дақыл)
_____ га	_____ га
(алаңы)	(дақыл)
_____ га	_____ га
(алаңы)	(дақыл)

Р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
		тіркеу нөмірі	

1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама – заңды тұлға үшін	тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
2.	Жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға үшін	жеке басын куәландыратын құжат нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
	Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – жеке тұлға үшін	берілген күні	
		орналасқан жері	
		тіркеу күні	
3.	Жер учаскесіне арналған сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	кім берді	
		акт нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаңы, га	
		оның ішінде шабындық	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі және берілген күні, кім берді	
жер пайдаланушының атауы			
4.	Аттестатталған тұқым өндірушілер немесе өткізушілер берген тұқымға аттестат не куәлік (тұқым сатып алынған жағдайда), ал егіс үшін өз өндірісінің тұқымдарын пайдаланған жағдайда – тұқымның сапасына сараптама жасау жөніндегі аттестатталған зертханалар берген тұқымның кондициялылығы туралы куәлік және сұрыптық егістерді байқаудан өткізу актісі	нөмірі	
		берілген күні	
		тұқым өндіруші	
		сұрып	
		репродукция	
5.	Қант зауытымен жасалған қант қызылшасын сатып алу-сату шарты (өндірілген қант қызылшасының 1 тоннасына субсидиялар алу үшін)	нөмірі	
		өндірушінің атауы	
		салыстыру актісі	
		қант қызылшасының көлемі	
6.	Алыс-беріс қант қызылшасын қайта өңдеу қызметтерін көрсету туралы шарт (өндірілген қант қызылшасының 1 тоннасына субсидиялар алу үшін)	нөмірі	
		өндірушінің атауы	
		салыстыру актісі	
		қант қызылшасының көлемі	

7.	Техникалық паспорт немесе жылжымайтын мүлікті мемлекеттік тіркеу жөніндегі уәкілетті органның жылыжайдың бар болуы мен оның жұмыс алаңы туралы анықтамасы (қорғалған топырақта көкөніс өндірумен айналысатын АШТӨ үшін)	мекенжайы	
		кадастрлық нөмірі	
		түгендеу нөмірі	
		нысаналы мақсаты	
		қор санаты	
8.	Тұқым сатып алуға арналған лизинг шарты	шарт нөмірі	
		лизинг беруші	
9.	Ауылдық тұтыну кооперативінің немесе су пайдаланушылардың ауылдық кооперативінің анықтамасы (бар болса)	нөмірі және берілген күні	
		кооператив атауы	

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы _____
 (қолы) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын
 куәландыратын құжатта бар болса)

М О
 20 __ жылғы «__» _____

Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы: _____
 (Т.А.Ә., қолы, мөрі)

Талон

Өтінім 20 __ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

_____ (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 8

м а у с ы м д а ғ ы

№

7 2 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

«Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 7 2 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызу және өсіру (оның ішінде қалпына келтіру) шығындарының құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 7 2 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – тиісті қызметті алушылардың жылғы 1 (бірінші) желтоқсанға дейін;

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушылар көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімдерде көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімді ұсынады.

Бұл ретте, тыңайтқыштарды өндірушіден және (немесе) өнім берушіден алдыңғы жылғы 4-тоқсанда және өнім берушіден ағымдағы жылы сатып алған көрсетілетін қызметті алушы тыңайтқыш сатушы берген шот-фактуралардың, тауар-көліктік жүкқұжаттың түпнұсқаларын өтінімге қоса береді.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінімдер мен құжаттар топтамасын қабылдағаннан кейін көрсетілетін қызметті алушыға қабылданған күні және уақыты, өтінімді қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым

Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші б а с ш ы с ы н ы ң а т ы н а б е р і л е д і .

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қ а б ы л д а н а д ы .

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тапсырған кезде шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға күні және уақыты, шағымды қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беру шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланыс арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қ о л м а - қ о л б е р і л е д і .

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама

қызметтерінің байланыс телефондары www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Тыңайтқыштар (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

_____ облысы _____
(ауданның, қаланың жергілікті атқарушы органының толық атауы)

(көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса)

Өтінім

_____ тонна (килограмм, литр) _____ көлемінде,
(тыңайтқыш түрі)

_____ тонна (килограмм, литр) _____ көлемінде,
(тыңайтқыш түрі)

_____ тонна (килограмм, литр) _____ көлемінде
(тыңайтқыш түрі)

тыңайтқыштарын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) сатып алу (өтеу) үшін субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне енгізуді сұраймын.

Р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама – заңды тұлға үшін	тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
2.	Жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға үшін	кім берді	
		жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
		берілген күні	
		орналасқан жері	

	Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – жеке тұлға үшін	тіркеу күні	
		кім берді	
3.	Жер учаскесін сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	акт нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық алаңы, га	
		оның ішінде егістік	
		нысаналы мақсаты	
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді	
		жер учаскесі иесінің және (немесе) жерді пайдаланушының атауы	
4.	Ағымдағы шоттың болуы туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасы	ЖСК	
		Кбе	
		Банк деректемелері:	
		банк атауы	
		БСК	
		К/Е	
		БСН	
		Кбе	
5.	Шот-фактура (инвойс) (тыңайтқыштарды шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден ағымдағы жылы және өткен жылғы 4-тоқсанда сатып алған АШТӨ үшін)*	шот-фактура нөмірі	
		берілген күні	
		тыңайтқыш сатушының атауы	
		тыңайтқыш сатушы орналасқан жердің мекенжайы	
		тыңайтқыш сатушының ЖСК	
		тауарлық-көлік жүкқұжат нөмірі	
		тыңайтқыш атауы	
		өлшем бірлігі	
		саны (көлемі)	
		ҚҚС-қоса бағасы (теңге)	
		барлық өткізу құны	
6.	Кедендік жүк декларациясы (тыңайтқыштарды шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден ағымдағы жылы және өткен жылғы 4-тоқсанда сатып алған көрсетілетін қызметті алушылар үшін)*	нөмірі	
		берілген күні	
		тыңайтқыш сатушының атауы	
		тыңайтқыш сатушының орналасқан жерінің мекенжайы	
7.	Сатып алынған тыңайтқыштарға сәйкестік сертификаты*	сертификат нөмірі	
		сертификаттың қолданылу мерзімі	
		сәйкестендірілген өнім (атауы, шығарушы ел)	
		өтінім беруші (атауы, мекенжайы)	
		кім берді	

8.	Шығу тегі сертификаты/ сапа сертификаты (шетелдік өндіріс тыңайтқыштары үшін)*	нөмірі мен берілген күні	
		тауардың атауы	
		экспорттаушы/жүк жөнелтуші	
		импорттаушы/жүк алушы	
9.	Химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік*	куәлік нөмірі	
		химиялық өнімнің толық атауы	
		өндіруші фирма	
		куәліктің қолданылу мерзімі	
		тіркеу күні	
		кім берді	

Ескертпе: *Көрсетілген құжаттардағы мәліметтер тыңайтқыштың әр түріне толтырылады.

Тыңайтқыштарға қажеттіліктің есебі

Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Алаңы, гектар	Тыңайтқыштарды 1 гектарға қолданудың ғылыми ұсынылған нормалары				Тыңайтылатын алк , гектар
		Тыңайтқыш түрі, (килограмм, литр)				
1	2	3	4	5	6	7

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтер ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

Басшы _____
 (қолы) _____
 (тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта бар болса))

М О
 20__ жылғы «__» _____

Талон

Өтінім 20 __ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

Өтінімді қабылдаған жауапты адамның (тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2014 жылғы 28 маусымдағы

№ 725 қаулысымен

бекітілген

«Шитті мақта мен мақта талшығы сапасының сараптамасына арналған шығындардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 680 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 8 м а у с ы м д а ғ ы
№ 7 2 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілді

«Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – тиісті жылғы 1 (бірінші) желтоқсанға дейін;
- 2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минуттан аспайды;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ

уақыты – 15 (он бес) минуттан аспайды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – көрсетілетін қызметті алушылардың банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем шоттарының тізілімін ұсыну.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімдерде көрсетілетін қызметті берушіге осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды алуға арналған көрсетілетін қызметті алушылар тізіміне (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар тізімі) қосуға өтінім ұсынады, бұл ретте гербицидтерді, биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші берген шот-фактураның тауар және көлік жүкқұжатының түпнұсқалары бір мезгілде ұсынылады.

Қосымша қаражат бөлінген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші жоғарыда көрсетілген құжаттарға қоса көрсетілетін қызметті беруші белгілеген мерзімде өтінімдерді қосымша қабылдауды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушыға өтінім қабылданған күні, өтінімнің қабылдануы туралы қолхат беріледі, онда мыналар көрсетіледі:
құжаттардың нөмірі мен қабылдау күні;
сұратылатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтің түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
құжаттарды қабылдаған лаузымды адамның тегі, аты, әкесінің аты.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым

Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде көрсетілген мекенжайлар бойынша көрсетілетін қызметті беруші б а с ш ы с ы н ы ң а т ы н а б е р і л е д і .

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда электрондық түрде не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қ а б ы л д а н а д ы .

Шағымды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне тапсырған кезде шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға күні және уақыты, шағымды қабылдаған лауазымды адамның тегі және аты-жөні көрсетілген талон беру шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланыс арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қ о л м а - қ о л б е р і л е д і .

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсындағы «Қолдау және көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» кіші бөлімінде о р н а л а с т ы р ы л ғ а н .

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама

қызметтерінің байланыс телефондары www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында көрсетілген. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша

(облыс, аудан, қала жергілікті атқарушы органының толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аті, әкесәнәң аты (бар болса))

Өтінім

(кг, л) көлемінде _____,
(гербицид түрі)

(кг, л) көлемінде _____,
(гербицид түрі)

(кг көлемінде _____ тыңайтқыштарын және (немесе)
(гербицид түрі)

гербицидтерін сатып алу үшін субсидиялар алуға ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне енгізуді сұраймын.

Р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Дерек
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік* немесе анықтама – заңды тұлға үшін	тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
2.	Жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға үшін	жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
		берілген күні	
		орналасқан жері	
		тіркеу күні	

	Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – жеке тұлға үшін	кім берді		
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	актінің нөмірі		
		кадастрлық нөмірі		
		барлық ауданы, га		
		оның ішінде егістік		
		нысаналы мақсаты		
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді		
		жер пайдаланушының атауы		
4.	Ағымдағы шоттың бар болуы туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасы	ЖСК		
		Кбе		
		Банк деректемелері:		
		банк атауы		
		БСК		
		к/с		
		БСН		
5.	Сәйкестік сертификаты (Қазақстан Республикасында өндірілген сатып алынған гербицидтерге)	сертификаттың қолданылу мерзімі		
		нөмірі		
		сәйкестендірілген өнім (атауы, шығарушы ел)		
		өтініш беруші (атауы, мекенжайы)		
		кім берді		
6.	Шығу тегінің сертификаты/ сапа сертификаты (импорттық гербицидтерге гербицидтерді өндірушінің)	экспорттаушы/жүк жөнелтуші		
		импорттаушы/жүк алушы		
		тауардың атауы		
		берілген күні мен орны		
7.	Гербицидтер жеткізушілердің мемлекеттік лицензиясы (пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға)	лицензияның нөмірі		
		толық атауы		
		орналасқан жері		
		лицензияның түрі		
		кіші түрінің атауы		
		кім берді		
		берілген күні		
Ауыл шаруашылығы дақылының атауы	Алаңы, га	1 га гербицидтерді қолданудың ғылыми ұсынылған нормалары		Өңделетін алаңның көлемі, га
		Гербицид түрі (л, кг)		
1	2	3	4	5

Ұсынылған ақпараттың шынайылығын растаймын және шынайы емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Басшысы _____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

М ө р _____ о р н ы

20__ жылғы «__» _____
Өтінім 20__ жылғы «__» _____ қарауға қабылданды.

_____ (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)